ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 10 қазан №3514-24-00-2/4953 іс Қарағанды қаласы

Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты төрағалық етуші судья А.М.Машрап құрамында,
оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігінің 52859 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «inter_farum» Мөлдір Бақытқызы Нұрбек

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігінің 52859 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкер «inter_farum» Мөлдір Бақытқызы Нұрбекке мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы– қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «inter_farum» Мөлдір Бақытқызы Нұрбек мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «inter_farum» Мөлдір Бақытқызы Нұрбектен мемлекет пайдасына 4 403 (төрт мың төрт жүз үш) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «inter_farum» Мөлдір Бақытқызы Нұрбектен жергілікті бюджет пайдасына 1 978 (бір мың тоғыз жүз жетпіс сегіз) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қарағанды облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына берілуі мүмкін.

Судья **А.Машрап**

Құжатқа қол қойылған: Машрап А. М., 10.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 19.11.2024, судья Машрап А. М., 28.11.2024

3514-24-3-1/5390